

Муайтайдан әлем чемпионатын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 28 мамырдағы N 108-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің және Дүниежүзілік муайтай халықаралық федерациясының (IFMA) 2003 жылғы 1-9 қыркүйекте Алматы қаласында муайтайдан әлем чемпионатын (бұдан әрі - әлем чемпионаты) өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған әлем чемпионатына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Алматы қаласының әкімі әлем чемпионатына дайындықты және оны Алматы қаласында Балуан Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайында өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі әлем чемпионатына қатысушылар мен ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің сақталуын, әлем чемпионатына қатысушылар мен ресми адамдар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде олардың қауіпсіздігін, әлем чемпионатына қатысушы шетелдік азаматтардың Алматы қаласының қонақ үйлерінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі әлем чемпионаты баспасөз орталықтарының Балуан Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайын халықаралық телефон байланысымен және Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз етсін, Алматы қаласының әуежайында әлем чемпионатына қатысушыларды күтіп алуға және шығарып салуға жағдайлар жасасын.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі әлем чемпионатына дайындық және оны өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі әлем чемпионатына қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

9. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2003 жылғы 28 мамырдағы
N 108 өкімімен
бекітілген

**Муайтайдан әлем чемпионатына дайындық және оны өткізу жөніндегі
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Мәсімов	- Қазақстан Республикасы Премьер-
Кәрім Қажымқанұлы	Министрінің орынбасары, Қазақстан
	Республикасы Муайтай федерациясының
президенті, төраға	
Тұрлыханов	- Қазақстан Республикасы Туризм және
Дәулет Болатұлы	спорт жөніндегі агенттігінің төрағасы,
төрағаның орынбасары	
Храпунов	- Алматы қаласының әкімі, төрағаның
Виктор Вячеславович	орынбасары

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Әлімбекова	- Қазақстан Республикасының Туризм
Гүлнар Смәділқызы	және спорт жөніндегі агенттігі қаржы-
экономикалық бөлімінің бастығы	
Аманқұлов	- Қазақстан Республикасы Муайтай
Фархат Әменұлы	федерациясының "Елухан" кәсіптік спорт
	клубының президенті, Қазақстан
	Республикасы Муайтай федерациясының
вице-президенті (келісім бойынша)	
Волков	- Қазақстан Республикасының Сыртқы
Алексей Юрьевич	істер вице-министрі
Диқанбаева	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Сәуле Әлкейқызы	сақтау вице-министрі
Захарин	- Балуан Шолақ атындағы Спорт және
Юрий Кузьмич	мәдениет сарайының директоры (келісім
бойынша)	
Қанағатов	- Қазақстан Республикасы Туризм және
Елсияр Баймұхаметұлы	спорт жөніндегі агенттігі төрағасының
орынбасары	
Лавриненко	- Қазақстан Республикасының Көлік және
Юрий Иванович	коммуникациялар бірінші вице-министрі

Отто	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Иван Иванович	вице-министрі
Рябченко	- Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Олег Григорьевич	ақпарат және қоғамдық келісім бірінші
	вице-министрі
Төкеев	- Қазақстан Республикасының Туризм
Серік Адамұлы	және спорт жөніндегі агенттігі ұлттық
	штаттық командалардың және спорт
	резерві дирекциясының басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК